




5 -дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ТАРИХИ ЭТНОЛОГИЯ

XX ғасыр ортасындағы
психологиялық антропология





Бұл дәрісте біз этникалық мәдениеттің бар қаңқасын ұстайтын психологиялық антропологиядағы ішкімәдени интеграторды іздейміз

Психологиялық антропологияда теорияны қалыптастыруға уақыт жетті. Сондай теорияның бірін бала тәрбиесінің тәжірибемен өзара байланыстылығы, мәдениеттегі тұлғаның басымдығы мен осы мәдениетке тән әлеуметтік институттар жөніндегі модельдерді Кардинер ұсынды. Ол алғашқы қоғамдық институттар, негізгі тұлғалық құрылым мен екінші қоғамдық институттар өмір сүреді деп есептеді. Бұл үш бөлімді құрылымда алғашқы қоғамдық институт негізгі тұлғалық құрылымды анықтайды, ал ол өз кезегінде екінші қоғамдық институтты тудырады. Сонымен, негізгі тұлғалық құрылым Кардинер бойынша ішкімәдениет интеграторы болып табылады.

Кез келген қоғамда өзінің тіршілік көзін қамтамасыз ету, отбасылық ұжым, балаларды күту тәжірибесі, оларды тәрбиелеу және әлеуметтендіру тәсілі байқалады. Осының барлығы тұлғаны белгілі бір қоғамның мүшесі етіп қалыптастырады, қабылданған мінез құлық белгілерін, білім, дағды, т.б. аталған қоғамда игеруді қамтамасыз етеді. Олар сол қоғам мүшелеріне тән беймазальық деңгейін, күйініш сипатын және психологиялық қорғаныс тәсілін анықтайды. Олар алғашқы қоғам институтын құрап, негізгі тұлғалық құрылымның қалыптасуына тікелей қатысады.

Негізгі тұлғалық құрылым осы қоғамның барлық мүшелеріне арналған бірегей тәжірибенің әсерінен қалыптасқандықтан, ол міндетті түрде жеке адамға берілген мәдениетке бейімделіп, оған ең қолайлы және қауіпсіз жағдайға қол жеткізуге мүмкіндік беретін жеке сипаттамаларын қамтиды. Сондықтан да ол басым институттар мен сол қоғамның мәдени тақырыптары үшін ыңғайлы. Басқа сөзбен айтқанда негізгі тұлғалық құрылым психологиялық ерекшеліктер және басқалармен қатынас тәсіліне ене отырып, адамның мәдени үлгісі (моделі) мен оның қоғамының идеологиясын тыңдайтын етеді. Екінші қоғамдық институт фольклор, мифология, дінді, т.б. қамтиды. Өзінің мәні бойынша негізгі тұлғалық құрылымды тудыратын кескін болып табылады.

Құрылымды құраушы тетік, қоғамды байланыстырушы звено не мәдениет Кардинердің пікірі бойынша Рут Бенедикт сияқты этос не тақырып емес, осы қоғамға тән және қоғам мүшелерінің барлық мінез-құлық ерекшеліктерімен байланысты тұлғаның психологиялық қыры. Кардинердің идеясының негізінде сол не басқа қоғамда, осы не басқа мәдениетте аталған қоғамның барлық мүшелеріне азды көпті сәйкес деңгейдегі негізгі тұлғалық құрылымның бар екендігі жөніндегі болжам жатты. Оның қалыптасуы бірыңғай мәдени тәжірибе әсер етеді деген тақырыппен түсіндірілді. Алғашқы қоғамдық институциялануды білдіретін отбасылық ұжым, сәбиді күту, баланы тәрбиелеу әртүрлі мәдениетте әрқалай және бір мәдениет аясында салыстырмалы түрде біркелкі, себебі, қоғамның барлық мүшелерінде ұқсас психологиялық белгілерді құруды қамтамасыз етеді. Алғашқы қоғамдық институциялануға бейімделе отырып, адамзат психикасы өзіндік коррекция алады, ерекше түрде оның психологиялық құрылымына «жабысады», оның эго-құрылымы аталған қоғамның негізгі тұлғалық құрылымына сәйкестенеді. Сондықтан әрбір қоғамда қоғамдағы барлық мәдени көріністерді анықтайтын тұлғаның басым типі болады. Бастысы бұл тип психологиялық және психотерапевтік әдіс көмегімен айқындалуы мүмкін. Алғашқы қоғамдық институциялануда бірыңғай жүйе аясында өскендіктен бір қоғамдағы балалар бірдей психологиялық жарақат алуы мүмкін. Сондықтан да аталған мәдениеттің барлық мүшелерінің шамамен бірдей психологиялық кешені болуы мүмкін. Екінші қоғамдық институциялануға жататын мифология, өнер, фольклор, саяси мекемелер, экономикалық жүйе, олардың барлығы – көптеген индивидтердің бала кезде алған психологиялық жарақатының орнын толтыруға әрекеттенуінің жемісі. Себебі, барлығында осы зардаптар шамамен ұқсас, орнын толтыру моделі де ұқсас. Бұл сол халық мәдениетінің стилін анықтайды.

Зерттеушілер өздерінің тұжырымдамаларын, әзірше тек кішірек қоғамның тайпалық типіне қатысты делінді, қазіргі үлкен ұлттарға көше алмайды, бұл қорытындылар жеткілікті түрде сенімді көрінді. Тұлғаның психологиялық қыртысы ұзақ уақыт бойғы өмірінің алғашқы жылдарындағы тәжірибемен анықталады, сондай ақ, анығын айтқанда кішкентай баланы күтуде алған келеңсіздікпен байланысты жас кезінде алған психологиялық жара, – деп келді. Дегенмен де бұл тәсіл 1950 ж. ортасына дейін жалғаса отырып, өркениетті халықтарға да тарала бастады. Джеффри Горердің назар аударар жұмысы, жапон психологиясының ерекшеліктері жапон балалар дәретханасының ерекшелігімен түсіндіріледі, ал Ресейде Сталиндік тоталитаризмнің пайда болуы орыстарда таралған тығыз орау (тугого пленения) тәжірибесімен түсіндіріледі. Бірақ бала тәрбиелеу тәжірибесі мен тұлға құрылымы арасындағы тікелей байланысты таба алмады, ең ақырында сол байланыстың өзі күмәнді болып көрінді. Тіпті егер зерттеушілер тұлға құрылымының икемділігін артық бағаласа не тәрбиелеу практикасындағы бала тәжірибесінің ұқсастығы деп қараса, негізгі тұлғалық құрылым абстракты ұғым болып қала берді. Негізгі тұлғалық құрылымды



тізудің (фиксация) жалпықабылдаған әдісі айқындалмағандықтан антропологтар типтік негізгі тұлғалық құрылымды сипаттауға тырысу барысында өздерінің жеке әсерлерін баяндаған деп мойындауға тура келеді.

Кардинер концепциясы сенімді болып көрінгенімен, практикалық зерттеулер кез келген мәдениеттің ішінде азды көпті әртүрлі типтегі тұлғалардың болатындығын көрсетті. Сонда Кора ДюБуа негізгі тұлғалық құрылым ұғымын жоққа шығармай, көптеген антропологтарға ішкі мәдени айырмашылық бар дегенді қолдамаған және кез келген мәдениетте тұлғалық құрылым типі біреу деп санайтын Кардинердің негізгі тұлға ұғымына қарағанда модальды тұлға тиімді деген жаңа ұғымды ұсынды. Жаңа ұғым жәй ғана статистиканы анықтайтын тұлғаның кең таралған типін білдірді. Кора ДюБуаның модальды тұлға тұжырымы қарама-қайшылықты шешетін сияқты көрінді, бірақ антропологтар сәлден кейін ақ, бірде бір қоғамда бірыңғай типті тұлғаның басымдығын байқамады, әрбір қоғамда бірнеше модальды тұлғаның болуы мүмкіндігін мойындады. Мәселен, ДюБуаның қызметкері Энтони Уоллес модальды тұлғаның статистикалық концепциясын пайдалана отырып, гомогенді қоғамның өзіне тұлға типінің көптүрлілігін көрсетті. Сонда Уоллес қауымдастық мәселесін және өзгергіштігін қалай анықтады. Мәдениет мәні бойынша когнитивті, сондықтан да жекелей адамзаттың ақыл ойы оқшауланған (локализваны). Дегенмен де сол мәдени білім жүйесін бірдей бөлетін екі жеке адам (индивид) жоқ. Сонда мәдениет қандай мағынада жеке адамның когнитивті қасиеті болып саналады, ал қандай жағдайда қоғам мүшелерінің жалпы қасиеті болып қалады? И. Уоллес: мәдениет бәрінен бұрын психологиялық бірыңғайлықты құрудан гөрі психологиялық әртүрлілікті ұйымдастырады, деп бекітті. Сонымен қадам басқан сайын психологиялық антропология адамның психологиялық көрінісінен тікелей мәдениетінен алынған және әрбір мәдениет белгілі тұлға типіне сәйкес дейтін Бенедикт пен Кардинердің концепцияларынан алшақтай береді. Оларды далалық зерттеулер материалдарын талдау үшін пайдалану мүмкін емес.

1940 жылдары модальды тұлға концепциясын ысырып тастап мәдени антропологиялық зерттеулер жаңа жолға түсті. Олар ұлттық мінез құлық тақырыптарына басымдық берді. Ал, екінші дүниежүзілік соғыста әскери қажеттіліктермен байланысты да жаңа тәсілге көшу қажеттілігі арта түсті. Бұл аяқ астынан өтті: ертеректе қазіргі ірі қоғамды антропологиялық әдіспен зерттеу қолайсыз яғни олар мәселелерді жеңілдетеді деп санады.

1930 ж. аяғы - 1940 ж. басында ұлттық мінез құлықты зерттеуге бірнеше теориялық-методологиялық тәсілдер ұсынылды. Әдетте оларды екі негізгі: мәдени орталықтанған және тұлғалық-орталықтанған бағытқа топтастырылады. Мәдени – орталықтанған тәсіл психологиялық тұрғыдан алғанда олардың элеуметтік-мәдени құбылысын сипаттауды көздейді, тұлғалық-орталық тәсіл ең болмаса психологиялық, деңгейде ары қарай жасалатын концепциялар мен гипотездер қатарын қалыптастырады. Тұлғалық-орталық тәсіл өз кезегінде адамзат мінез-құлқындағы айырмашылығымен ерекшелігін, әртүрлі мәдениетке тән институтысын, құндылық пен нормасын психологиялық түсіндірудің теориялық базасын құрауы керек.

Ұлттық мінез-құлықты зерттеушілер мәдени – белгілі құндылықтар мен мінез-құлық моделінің байланысын қарастырды. Олар ұлттық мінез құлық сол қоғамның жалпы белгілері мен стандарттарында көрінеді деген қорытындыға келеді. Қоғамдастық не қайталану аспектісі Ральф Линтонның модельді тұлғалық құрылымы сияқты ұлттық мінез құлық концепциясында тікелей берілген. Статистикалық тәсілді пайдалана отырып, ол әрбір қоғамда тұлғалық мінез құлықтың түрленуі өте көп екендігін айтты. Модельдік тұлғаның құрылымы көбінесе жиі көрінумен анықталады. Қандай құндылықпен жиілік көрінісі зерттеледі немесе мінез құлық алгоритмінің анықталатын моделі мәдениетте қалай көрініс табады, кейбір тұлғалық моделдер осы мәдениетті тасымалдаушыларда қалай көрінуі мүмкін, сондықтан осы көріністің жиілігін зерттеу міндетін қояды. Мінез құлықтың үйреншікті мәдени моделінің жиынтығы ретіндегі ұлттық мінез құлықты бөліп алу үшін, мәдениетті адамның мінез құлқымен де байланыстыру қажет. Сонымен, ұлттық мінез құлықтың сипаты тұлғалық моделмен де байланысты болуы мүмкін. Мид және Бенедикт те азды көпті ұлттық мінез құлық ұғымын пайдаланады.

1950 ж. ортасына қарай эмпирикалық зерттеулер күрт қысқарды. Олар үшін теориялық базаның жетіспеушілігі сезіле берді. Антропологияда ұлт тек біреу ғана емес бірнеше тұлғалық модельді қамтиды деген пікірге келсе де, бұл жеткіліксіз болды, себебі, бірде бір ұлт жеткілікті деңгейде сипатталған жоқ, тек шектеулі моделдік тұлға көлемінде ғана зерттелді. Сонымен қатар, ішкіэтникалық ерекшелік (мысалы, бір ұлттағы элеуметтік қабаттар арасындағы айырмашылық) этникааралық ерекшеліктен толығымен асып түседі. Бірақ бұл бағыттағы зерттеулер бұғатталып, бірақ бәрі анықтала бастады, ұлттық мінез құлық та, этностың мәдениеті де – ғылыми абстракция емес, өте нақты ішкімәдени интегратордың арқасында сақталған, бірақ әлі күнге дейін қолға ұстатпайтын мән (сущность).



Ішкімәдени интеграторды табуға тырысқан типтік жеке тұлға концепциясының өкілдері Джон Уайтинг пен Ирвин Чайлд болды. Уайтинг пен Чайлдтың тәсілі өзіндік ерекшелігімен Кардинердің тәсілінің жеңілдетілген нұсқасына жақын болды, Уайтинг пен Чайлд үнемі мәдениеттің бір-бірімен қабысатын жағын іздеді. Оны олар әлеуметтік маңызы бар ең жиі аспектілері экономика мен әлеуметтік мәдениеттен іздеді. Уайтинг пен Чайлд үйлесудің (корреляция) күрделілігін, көпсатылылығын және көптігін (бала тәрбиесі мен баланың мінез құлқы аралығын, бала мінез-құлқы мен ересектер арасындағы және мәдени наным-сенімдер, т.б.) сынады. Бірақ, тәрбие баланың мінез-құлқына, ал ересек адам - наным сенімге ықпал етеді. Тіпті наным сенім адамның психологиялық ерекшелігін көрсетсе де, Уайтинг пен Чайлд талдаған американдық үндістердің магиялық наным сенімдері, өте күрделі екендігін байқатады, сондықтан олар осы зерттеулерге сенімді түрде қолайлы болу үшін бірнеше параметрге дейін жеңілдетілуі мүмкін.

1950 жылдары құндылықтарды зерттеуге көбірек назар аударады, оның үстіне сипаттаудан сандық және эксперименттік аналитикалық әдіске өту күшейеді. Бұл адамның да қоғамның да мүдделері құндылықтармен тоғысатындығымен түсіндіріледі, ал құндылық тәсілі жалпы алғанда мәдениаралық түрленуді зерттеу мен түсіндіруге бағытталады. Құндылықтың анықтамасын Клайд Клакхон берді. Ол үшін құндылық – бұл «саналы не бейсаналық», жеке тұлға немесе жеке тұлғалар тобы үшін қол жеткен құрал мен әрекет тәсілін есепке ала отырып, таңдау мақсатын анықтайтын қалаулысы. Кейбір зерттеушілер құндылықты тұлғаның мазмұны (квинтэссенция) деп қарады. Құндылықтың осындай түсіндірмесі өз кезегінде «табиғаттың жалпы тұжырымдамасы, ондағы адамның орны, адамның адамға деген қатынасы, жағымды және жағымсыз тұлғааралық қатынастар және адамның қоршаған ортамен қатынасы, адамның мінез-құлқын анықтайтын тұжырымдамалар» т.с.с. құндылық бағыты ұғымымен байланысты. Ары қарай К. Клакхон құндылықтың кросс-мәдени зерттеу тәсілін жасап шығарды және құндылықты жүйелеу тәсілі мен оған сәйкес тест ұсынды. Осылайша, тестілеудің көмегімен адамның ортақ мәселелерге қатынасы яғни. уақыт пен кеңістікке қатынасы, табиғат пен адамдарға қатынасы, діни санаттарға қатынасы және т.б. зерттеледі. Осылайша, кез-келген мәдениет алдын ала тапсырылған әртүрлі мәдениеттер үшін бір параметрлермен сипатталады, сондай ақ нақты әрқайсысы үшін кездейсоқ болуы мүмкін. Құндылық және құндылық бағытын зерттеу және оның методикасын жасауды осы уақытқа дейін антрополог, социолог, психологтар жалғастыруда.

Құндылықты зерттеу үшін сауалнама тестер жасалды Олардың түрлілігімен барлығының негізінде, Клайд Клакхонның әйелі Флоренс пен Фред Стробек барлық адамдар барлық уақытта шешуін табатын адамзат проблемасының шектеулі саны бар деген теориялық постулат жатты. Бұл мәселелердің шешуі әртүрлі болғанына қарамастан, олар кездейсоқ емес, олардың саны да шектелген, және варианттары да шешілуі мүмкін ішкі проблемалар қатарынан табылады.

Ф. Клакхонның айтуынша, адамзат тәжірибесінің арсеналында осы жаһандық мәселелеріне тек бірнеше жауабы бар. Мысалға, адамның қарым-қатынасы туралы мәселеде үш ғана жауап болуы мүмкін. Адам қазіргіге, өткенге, болашаққа бағдарланған болуы мүмкін. Табиғатқа деген көзқарас үш жақты болуы мүмкін: табиғатқа бағыну, онымен үйлесімділік, оны жеңу. Антропологтар – құндылық көзқарастарын қолдайтындар - институционалдық ұйымдарды немесе мәдени үлгілерді зерттеу арқылы емес, қоғамның белгілі бір мүшелерінің сұхбаты арқылы құндылықтарды зерттеді. Бір қызығы, Ф. Клакхон осындай тіке жолмен «негізгі тұлғаның құрылымын» қалпына келтіруге тырысып, ұлттық сипаттың зерттелуіне кіретін тұйықтан қарапайым жолды табуға тырысады. Ф.Л. Клакхон жұмыс істеген ғылыми тұжырымдамаларға сәйкес, сол кезеңнің ғылымындағы басым пікірлерді түсіндіруге ұмтылу түсінікті. Осылайша, адам мәдениетті сипаттайтын құндылық бағдарларының жүйесі ретінде қаралды (осыған ерекше назар аударайық!) – бұл мәдениеттің мәдени құндылықтары басымдықтары мен осы мәдениет құрамындағы тұлғаның мәдени басымдықтары бірегей ретінде қарастырылды. Сонымен кез келген мәдениет әртүрлі мәдениет үшін бірдей, алдын ала берілген бірнеше параметрлер бойынша сипатталады. Құндылық тәсілді қолдану шындығында мәдениетаралық айырмашылықтың бар екендігін көрсетті, бірақ зерттеуші сол не басқа нәтиже қалай шықты, ол нені білдіретіндігін барлық уақытта түсіндіре алмайды.

Антропологияда пайда болған құндылықты зерттеу, әлеуметтік ғылымдарда әсіресе социологияда кеңінен дамыды, бірақ антропологияның өзінде ары қарай дамымады. Жалпы мәдениетті қарастыруға бойы үйрене отырып, антропологтар құндылықтың тек бір қабатын ғана көрсетеді, ал мәдениет теориясының өзіне мәнді үлес қоспайды дейді. Сөйтіп, антропологтардың күн тәртібіне толығымен мәдениет теориясы енді. Сондай-ақ, құндылықтарды зерттеу зерттеушінің көзімен көрінетіндей мәдениетке көзқарасты білдіреді: өйткені ол сыналушыға таңдау ұсынылған құндылықтар жиынтығын анықтады. Бұл тәсіл этик-тәсіл деп аталды. Сонымен қатар, мәдениетке мәдениетті тасымалдаушылар көзімен қараған көзқарасы,



оның өзіндік әлем сипаты іштен қызығушылықты арттыра түсті.

Психологиялық антропология шеңберінде сол не басқа бір мәдениеттің мүшелеріне тән белгілі бір психологиялық ерекшеліктердің бар екендігі жөніндегі пікір айтылды, оны кейін тарихи этнология игеріп алды. Бұл ерекшеліктер, атап айтқанда бейсаналық кешендерге қатысты, қоғам мүшелерінің әрқайсысына тән және әлеуметтану үдерісінде қалыптасады. Бұл бейсаналық кешендер адамдардың мінез-құлқына да, айналаны қоршаған адамның қабылдауына да әсер етеді. Сонымен қатар, олар өздері үшін белгілі бір балансты, адам орналасқан мәдени жүйе аясында өтемді талап етеді. Сонымен қатар, олар өзіне белгілі бір тепе-теңдікті, адам тұрған мәдени жүйе шеңберінде өтемақыларды талап етеді. Алайда, тарихи этнология адамның фольклормен, мифологиямен және дінмен психологиялық өтемі мұқтаждығы арасында тікелей байланыс жасамайды. Ол адам мен адам ұжымын сыртқы ортаның зақымдайтын әсерінің психологиялық өтемінің басқа тұжырымдамасын ұсынады.

Тарихи этнология қандай да бір этникалық мәдениетте «модальды жеке құрылымның» болуын жоққа шығарады, ерте әлеуметтендірудің жеке тұлғасын қалыптастырудағы ерекше мәнге күмән келтіреді және «бастапқы қоғамдық институттардың» бірыңғай жүйесінің қандай да бір мәдениет шеңберінде өмір сүру мүмкіндігін жоққа шығарады, өйткені мәдениеттің гомогендігін жоққа шығарғандықтан, соңғысы уақыт өте келе өзгертін және сол қоғамның шеңберінде белгілі бір кезеңде әртүрлі модификацияларда пайда болған деп қарайды.

Тарихи этнология үшін А. Кардинердің еңбектерінде «жобалық жүйені» қалыптастыру мысалында алғаш рет жеке адамға қатысты емес, қоғамға қатысты психологиялық қорғау механизмдерінің әрекеті көрсетілді. А. Кардинердің «жобалық жүйе» туралы түсінігі этнологияда «әлемнің этникалық бейнесі» деп аталады. Бұл ұғым, өз кезегінде, тарихи этнологиядағы маңызды ұғым.

Сонымен біз, көргендей ішкімәдени интеграторды іздеу ешқандай табысқа әкелген жоқ. Дегенмен де олар көптеген жемісті идеяларды тудырды, уақыт өте келе мәдениеттің психоантропологиялық теориясында айтылады. Бірақ мәдениет пен психологияның арақатынасы күрделі мәселе болып қала берді. Мәдениет пен психологияның байланысы көзге көрініп тұрған және үстінде жатқан нәрсе емес екендігі түсінікті болды. Ол туралы келесі лекцияда қарастырамыз.

Негізгі терминдер: Ішкі мәдени интегратор, негізгі жеке құрылымы, алғашқы қоғамдық институтциялар, екінші қоғамдық институтциялар, тұлғаның психологиялық үлесі, сәнді (модальды) тұлға, ұлттық мінез құлық, құндылық бағдары, кросс-мәдени зерттеулер, мәдениет теориясы, этик-тәсіл, эмик-тәсіл.

Дәріс тақырыбы бойынша қосымша ресурстар

1. Абрамян Э.Г. (1978) Инновация и стереотипизация как механизмы развития этнической культуры / Методологические проблемы этнических культур: Материалы симпозиума. Ереван: Изд-во АН Арм. ССР.
2. Арутюнов С.А. (1989) Народы и культура: Развитие и взаимодействие. М.: Наука.
3. Бенедикт Р. (2007) Хризантема и меч. Модели японской культуры. М.: Наука.
4. Бенедикт Р. (1997) Психологические типы в культурах Юго-Запада США // Антология исследований культуры. — М.: Университетская книга.
5. Боас Ф. Ум первобытного человека. М.-Л., 1926.
6. Боас Ф. (1997) Границы сравнительного в антропологии // Антология исследований культуры. СПб.: Университетская книга.
7. Боас Ф. (1997) История и наука в антропологии. // Антология исследований культуры. СПб.: Университетская книга.
8. Боас Ф. (1997) Методы этнологии. // Антология исследований культуры. СПб.: Университетская книга.
9. Боас Ф. (1997) Некоторые проблемы методологии общественных наук. // Антология исследований культуры. СПб.: Университетская книга.
10. Боас Ф. (1997) Эволюция или диффузия. // Антология исследований культуры. СПб.: Университетская книга.
11. Быховская И.М. (2005) Основы культурологии. М.: АCADEMIA XXI.
12. Дейк Т.А. ван. Язык. (1989) Познание. Коммуникация. М: Прогресс.
13. Леви-Брюль Л. (2015) Первобытное мышление. М.: Академический проект.



14. Леви-Брюль Л. (2015) Сверхъестественное в первобытном мышлении. М.: Академический проект.
15. Леви-Брюль Л. (2010) Первобытная мифология. М.: КРАСАНД.
16. Коул М. (1995) Культурные механизмы развития // Вопросы психологии. № 3.
17. Коул М. (1996) Культурно-историческая психология. М. Когито-центр.
18. Культурология. Фундаментальные основания прикладных исследований. (2010) Под ред. И.М. Быховской. М.: Смысл.
19. Культурология. XX век. Энциклопедия. (1998) Под ред. С.Я. Левит.— СПб.: Университетская книга; ООО “Алетейя”.
20. Лурье С.В. (2005) Историческая этнология. Москва: Академический проект.
21. Лурье С.В. (2004) Психологическая антропология. М.: Академический проект.
22. Лурье С.В. (1994) Метаморфозы традиционного сознания. СПб.: Типография им. Котлякова.
23. Лурье С.В. (2017) Культура и ее сценарий: имплицитный обобщенный сценарий как внутрикультурный интегратор // Общественные науки и современность. № 2.
24. Маркарян Э.С. (2014) Избранное. Наука о культуре и императивы эпохи. Санкт-Петербург: Центр гуманитарных инициатив Университетская книга Москва.
25. Маркарян Э.С. (1989) Проблема целостного исследования культуры в антропологии США. // Этнология в США и Канаде. М.: Наука.
26. Маркарян Э.С. (1981) Узловые проблемы теории культурной традиции // Советская этнография. № 2.
27. Маркарян Э.С. (1978) Культурная традиция и задача дифференциации ее общих и локальных проявлений / Методологические проблемы этнических культур: Материалы симпозиума. Ереван: Изд-во АН Арм. ССР.
28. Маркарян Э.С. (1978) Об исходных методологических предпосылках исследования этнических культур / Методологические проблемы этнических культур. Материалы симпозиума. Ереван: Изд-во АН Арм. ССР.
29. Маркарян Э.С. (1977) Интегративные тенденции во взаимодействии общественных и естественных наук. Ереван: Изд-во АН Арм. ССР.
30. Мид М. (1988) Культура и мир детства. М., Наука.
31. Надирашвили Ш.А. (1978) Психология пропаганды. Тбилиси: “Мецниереба”.
32. Прикладная культурология. Энциклопедия. (2019) Сост. и науч. редактор И.М. Быховская. М.: ООО «Издательство «Согласие».
33. Режабек Е.Я., Филатова А.А. (2010) Когнитивная культурология. СПб., Алетейя.
34. Узнадзе Д.Н. (1961) Экспериментальные основы психологической установки. Тбилиси: Издательство АН Гр. ССР.
35. Чистов К.В. (1981) Традиция, «традиционное общество» и проблема варьирования // Советская этнография. № 2.
36. Флиер А.Я. (2009) Культурология для культурологов. М., МГУКИ.
37. Флиер А.Я. (1995) Культурогенез. М.: Российский институт культурологии.
38. Эйзенштадт, Ш. (2010) Срывы модернизации. // Неприкосновенный запас. № 6.
39. Эйзенштадт, Ш. (1999) Революция и преобразование обществ. М., «Аспект-Пресс».
40. Ш. Эйзенштадт. О неопределенности термина «традиция». (Электронный ресурс). <https://cyberpedia.su/3x6f1f.html>
41. Barrett S. (1984) The Rebirth of Anthropological Theory. Toronto, Buffalo, L.: Univ. of Toronto Press.
42. Bock Ph.K. (1980) Continuities in Psychological Anthropology. San Francisco: W. H. Freeman and Company.
43. Boesch E. (1991) Symbolic Action Theory and Cultural Psychology. Berlin, Heidelberg, NY, L., Paris, Tokyo, Hongkong, Barselona, Budapest: Springel-Verlag.
44. Benedict R. (1934) Patterns of Culture. Boston and New York: Houghton Mifflin Company.
45. Cultural Theory. Essays on Mind, Self, and Emotion. (1984) Shweder R., LeVine R. (eds.) Cambridge, L., NY., New Rochelle, Melbourne, Sydney: Cambridge University Press.
46. D’Andrade R. (1995) The Development of Cognitive Anthropology. New York: Cambridge University Press.
47. D’Andrade R. (1992) Cognitive Anthropology. In: New Direction in Psychological Anthropology. Schwartz Th., White G. M., Lutz C. A. (eds.) Cambridge: Cambridge University Press.



48. D'Andrade R. (1992) Schemas and Motivation. In: D'Andrade R., Strauss C. (eds). Human Motive and Culture Models. Cambridge: Cambridge University Press.
49. D'Andrade, R. (1984) Cultural Meaning Systems. In: Shweder R. A., LeVine R. A. (eds.) Cultural Theory. Essays on Mind, Self, and Emotion. Cambridge, L., NY., New Rochelle, Melbourne, Sydney: Cambridge University Press.
50. D'Andrade R. (1981) The Culture Part of Cognition // Cognitive Science. № 5.
51. Dubois C. (1944) The People of Alor: a Socio-Psychological Study of an East Indian Island. Minneapolis: University Minnesota Press.
52. Duijker H.C.J., Frijda N.H. (1960) National Character and National Stereotypes: Confluence. Amsterdam: North-Holl Publishing Company.
53. Eisenstadt Sh. (2006) The Great Revolutions and the Civilizations of Modernity. Brill.
54. Eisenstadt Sh. (2004) The Civilizational Dimension of Modernity (англ.) In: S.A. Arjomand, E.A. Tiryakian. (eds.) Rethinking Civilizational Analysis. Sage Publication Ltd.
55. Eisenstadt Sh. (1992) Frameworks of the Great Revolutions: Culture, Social Structure, History and Human Agency // International Social Science Journal. Vol. 44. № 133.
56. Eisenstadt Sh. (1973) Tradition, Change, and Modernity. New York, Sydney, Toronto: John Wiley.
57. Ewing K. (1992) Is Psychoanalysis relevant for Anthropology. In: Schwartz Th., White G., and Lutz C. (eds.) New Direction in Psychological Anthropology. Cambridge University Press.
58. Geertz C. (1984) "From the native's point of view". On the Nature of anthropological Understanding. In: Shweder R. A., LeVine R. A. (eds.) Cultural Theory. Essays on Mind, Self, and Emotion. Cambridge, L., NY., New Rochelle, Melbourne, Sydney: Cambridge University Press.
59. Harkness S. (1992) Human Development in Psychological Anthropology, In: Schwartz Th., White G., and Lutz C. (eds.) New Direction in Psychological Anthropology. Cambridge University Press.
60. Holland D. (1992) The Woman who Climbed up the House: Some Limitations of Schema Theory. In: Schwartz Th., White G., Lutz C. (eds.) New direction in Psychological Anthropology. Cambridge: Cambridge University Press.
61. Human Motive and Culture Models. (1992) D'Andrade, R., Strauss, C. (eds). Cambridge: Cambridge University Press,.
62. Jahoda G. (1981) Psychology and Anthropology. A Psychological Perspective. L., NY etc: Academic Press.
63. Inkeles A. (1997) National character. Transaction Publishers.
64. Inkeles A., Levinson D. (1969) National Character: The study of Modal Personality and Sociocultural Systems. In: Lindzey C. and Aronson E. (eds.). The Handbook of Social Psychology. Vol. IV. Massachusetts (Calif.), London, Ontario: Addison-Wesley.
65. Kardiner A., Lipton R. (1945) The Individual and His Society. New York: Columbia University Press.
66. LeVine R. A. (1984) Properties of Culture. An Ethnographic View. In: Shweder R. A., LeVine R. A. (eds.) Cultural Theory. Essays on Mind, Self, and Emotion. Cambridge, L., NY., New Rochelle, Melbourne, Sydney: Cambridge University Press.
67. Lourie S. V. (2017) The Revival of Psychological Anthropology: a New Understanding of Interrelation Between Cultural and Psychological By Virtue of Cognitive Anthropology and Cultural Psychology. Journal of Siberian Federal University. Humanities & Social Sciences V. 10, № 7.
68. Lourie S. V. (2016) Culture as a field of human action (The experience of constructing a theory of cultural constants and implicit generalized cultural script) // Journal of Siberian Federal University. Humanities & Social Sciences. V. 9, № 4.
69. Markarian E.S. (1992) Tradition as an Object of System Study // World Futures. V. 34.
70. Markarian E.S. (1998) Capacity for World Strategic Management. Yerevan: Gitutgun.
71. Mead M. (1959) An anthropologist at work: Writings of Ruth Benedict. — Boston: Houghton Mifflin Company.
72. Miller J. (1993) Theory of Developmental Psychology. NY: Freeman.
73. Nelson K. (1981) Cognition in a Script Frammework. In: J.H. Flavell and L. Ross (eds.) Social Cognitive Development. Cambridge: Cambridge University Press.
74. New direction in Psychological Anthropology. (1992) Schwartz Th., White G., Lutz C. (eds.) Cambridge: Cambridge University Press.
75. Norman D. (1975) Explorations in cognition. San Francisco: Freeman.
76. Redfield R. (1956) Peasant Society and Culture: An Anthropological Approach to Civilisation. Chicago.



77. Romney A., Weller S., Batchelder W. (1986) Culture as Consensus: A Theory of Culture and Informant Accuracy // *American Anthropologist*. № 88.
78. Rouse A.P. (1982) *Ethnic Identity: Strategies of Deversity*. Bloomington.
79. Schwartz Th. (1992) *Anthropology and Psychology*. In: Schwartz Th., White G., Lutz C. (eds.) *New direction in Psychological Anthropology*. Cambridge: Cambridge University Press.
80. Schwartz Th. (1989) *The Structure of National Cultures*. In: Funke P. (ed.) *Understanding Of USA: A Cross-Cultural Perspective*. Tubingen: Gunter NarrVerlal.
81. Schwartz Th. (1978) *Where is the culture?* In: Spindler G (ed.) *The Making of Psychological Anthropology*. Berkeley: University of California Press.
82. Shils E. (1961) *Centre and Periphery* // Polanyi M.(ed.). *The Logic of Personal Knowledge: Essays*. London: Routledge & Kegan Paul.
83. Shils E. (1981) *Tradition*. London; Boston.
84. Shore B. (1991) *Twice-Born, Once Conceived: Meaning Construction and Cultural Cognition*. // *American Anthropologist*. Vol. 93, No 1, March
85. Shweder R. (1991) *Thinking Through Cultures*. Cambridge (Mass.), London (England): Harvard University Press.
86. Shweder R. (1990) *Cultural psychology – What is it?* In: Stigler J., Shweder R., Herdt G. (eds.) *Cultural psychology: Essays on comparative human development*, New York: Cambridge University Press.
87. Shweder R. (1984) *Anthropology’s Romantic Rebellion against the Enlightenment, or There’s more to Thinking than Reason and Evidence*. In: Shweder R., LeVine R. (eds.) *Cultural Theory. Essays on Mind, Self, and Emotion*. Cambridge, L., NY., New Rochelle, Melbourne, Sydney: Cambridge University Press.
88. Simon H. (1981) *Sciences of the artificial*. Cambridge. MA: MIT Press.
89. Skinner Q. (1985) *The Return of Grand Theory in the Human Sciences*. Cambridge University Press.
90. Spiro M. (1984) *Some reflections on Cultural determinism and relativism with Special Reference to Emotion and Reason*. In: Shweder R., LeVine R. (eds.) *Cultural Theory. Essays on Mind, Self, and Emotion*. Cambridge, L., NY., New Rochelle, Melbourne, Sydney: Cambridge University Press.
91. *The Making of Psychological Anthropology*. (1978) Spindler G. (ed.) Berkeley: University of California Press.
92. White G., Lutz C. (1992) *Intriduction*. In: SchwartzTh., WhiteG., Lutz C. (eds.). *New direction in Psychological Anthropology*. Cambridge: Cambridge University Press.
93. White G. (1992) *Ethnopsychology*. In: SchwartzTh., WhiteG., Lutz C. (eds.). *New direction in Psychological Anthropology*. Cambridge: Cambridge University Press.
94. Wartofsky, M. (1979) *Models Representation And The Scientific Understanding*. Dordrecht: Holland / Boston: USA / L.: England: D. Reidel Publishing Company.